

КӘСІБИЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ВЕКТОРЛАРЫ

Елужан СЕРИМОВ, Қарағанды қаласы

НЕ БЕЛ, НЕ БЕЛБЕУ КЕТЕР ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫН КЕЗЕКТЕН ТЫС АТТЕСТАТТАУДАН ИІМ Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ ДА ҚАЛЫС ҚАЛМАДЫ. БҰЛ ҚАРҚЫНДЫ ШАРАДАН СҮРІНБЕЙ ӨТКЕН ОҚУ ОРНЫ ЖЫЛДАҒЫ ҮРДІСІНЕ САЙ ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕЛЕРІН САРАПҚА САЛДЫ.



«Тыңдаушылардың оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру – кәсіптілікті арттыру факторы» тақырыбында өткен профессорлық-оқытушылық құрамның оқу-әдістемелік жиынының негізгі өзегі теория мен тәжірибені біріктіруге арналды. Жиында институттардың, факультеттердің, кафедралардың басшылары, профессорлар мен доценттер, оқытушылар өз ойларын ортаға салды.

Сөз жоқ, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары мектебін құру мен реформалау – ведомстволық оқу орындары тыңдаушыларын оқыту үдерісінің ұйымдастырылуына, мазмұнына және әдістемесіне жаңа талаптар қойып отыр.

ИІМ жоғары оқу орындарының тыңдаушыларын оқыту үдерісінде білікті мамандарды кәсіби тұрғыдан дайындау жүйесінде тыңғылықты өзгерістер жасау өмір талабына айналуда. Бұл қажеттілік елімізде криминогендік ахуалдың күрделенуі және осыған орай ИІМ-нің қызметтік міндеттерін шешу және оқытудың шынайылық мүмкіндіктерінің күрделене түсудегі тереңдей түскен қарама-қайшылықтар шиеленісінен айқын

байқалады. Мұны оқу-әдістемелік жиынды басқарған академия бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі М.Қызылов өз сөзінде атап өтті. «Заман талабы қажет етіп отырғандай, ведомстволық білім берудің мазмұнын, оның әдістері мен нысандарын жан-жақты модернизациялау қажет-ақ. Көп уақыттан бері «бүгінгі, дәл осы күнге» ғана қажетті мамандар дайындауға бағытталған ИІМ-нің оқу орындары қызметінің парадигмасы оқытуда күнделікті қалыпты жағдайлардағы міндеттерді шешуді көздеп келді. Іргелі білімдерді жинаған жоғары оқу орындарының түлектері, көбіне, тез қарқында өзгеріп отыратын өздерінің кәсіби қызметіндегі күнделікті жағдайлардың өзегін түсіне алмай, бірден бейімделіп кетуінен қиындық көріп жүр. Олар, әдетте, шешім қабылданар сәтте, «қалай болар екен» деген алмағайып-белгісіздік пен тәуекелдік артатын тұста, өзінің жұмысы мен қызметін ұйымдастыру кезінде өздеріне лайық қажетті біліктіліктерін көрсете алмауда. Аттестаттау кезінде ИІМ басшылығынан бізге осы тарапта көптеген сын айтылды», – деді ол.

Оқу-әдістемелік жұмыс жоғары оқу

орындарының соқталы буын екенін зиялы қауымға түсіндіріп жатудың өзі артық. Жиынға қатысушылар тыңдаушыларды оқыту сол кәдімгі дәстүрлі негізде өтіп жатқандығын, бар күш-жігер, қажыр-қайрат тыңдаушының ойлау қабілетінің мүмкіндігін арттыруды, криминогендік жағдайды тез ұғына алуды, компьютерлік технологияны пайдалану арқылы білікті шешім қабылдай алуды дамытуға емес, оқу материалын ойсыз жалаң жаттауға кететінін атап көрсетті. Ал ИІМ-не ой-өрісі кең, мәдени деңгейі озық, шығармашылық ой-кешу үрдісі бар мамандар қажет-ақ. Осындай мамандармен ИІМ-ні қамтамасыз ету ісі, қазіргі тәжірибе көрсетіп жүргендей, оқу мен тәрбие жұмысы тек теориялық, ресми көзқарастар мен ережелерді сыдыртып жаттауға емес, қоғамдағы болып жатқан қайшылықтар, еліміздің әлеуметтік-тұрмыстық және криминогендік жағдайларды айғақтайтын ғылымдардың негіздерін тереңнен зерделеуге құрылғанда ғана жүзеге аспақтығы кәдік.

Тыңдаушылардың ғылымға негізделген білімдерін, дағдыларын, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, лауазымды тағайындауға сәйкес кәсіптік қызметіне сапалы дайындаумен қаруландыру, ол арқылы педагогикалық үдерістерді ұйымдастыру – оқытудың мақсатты бағытының мәні болмақтығы ашық айтылды.

Еліміз бүгін «білім-ғылым-инновация» деп аталатын ұштағандық жүйе басқаратын постиндустриялық әлемге қадам басқандығын Мемлекет басшысы 5 қыркүйек күні Назарбаев университетінде оқыған «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты дәрісінде атап өткен-ді. Осыған орай, жиынға қатысушы академияның профессорлық-оқытушы құрамы тыңдаушыларды оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға бірден-бір сеп болатын кешенді практикалық шараларды ұсынды. Бұл – білім беру үдерісін жетілдірудің негізгі векторлары. Оқу-әдістемелік жиын осы векторлар бойынша басқосу соңында ұсынымдар қабылдады.